*Қосымша № 1.22*

**Техникалық сипаттама**

**(ЛОТ № 22)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Полимеразды тізбекті реакцияға (ПЦР) арналған шкаф | Номиналды ені: 1,2 м (4 фут)<br>Сыртқы өлшемдері (Е×Т×Б): 1340 × 617 × 950 мм<br>Ішкі жұмыс аймағының өлшемдері: 1240 × 538 × 550 мм<br>Ауа ағынының жылдамдығы: 0,30 м/с (60 фут/мин)<br>Алдын ала сүзгі: Жуылатын полиуретанды талшықтар, сүзу тиімділігі – 85%<br>УФ-шам:<br>– Толқын ұзындығы: 253,7 нм<br>– Қуаты: 30 Вт<br>Жарықтандыру: жарықдиодты (LED), ≥1230 люкс<br>Дыбыс деңгейі: <58 дБА<br>Басқару жүйесі: микропроцессорлық, батырмалы қосқыштар арқылы басқару<br>Сыртқы корпус: Ақ түсті эпоксидті-полиэфирлі ұнтақпен қапталған электроцинктелген болат, бактерияға қарсы Esco Isocide™ жабындысымен<br>Жұмыс аймағы: SUS 304 маркалы тот баспайтын болат, қалыңдығы 1,2 мм (18 калибр)<br>Нетто салмағы: шамамен 115,4 кг | 1 |
| | **Барлығы** | | **1** |

**Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры** **М. Гиритлиоглу**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**Ғылым департаментінің жетекші маманы** **Т.Джатаев**

## ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты

қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.